

“Сәтті адамның сапары”

БЕКТЕМІН
«Балдурен» бөбекжай
балалар бағпашынын
ментерушісі Г.Жаннбекова
2021 жыл «.....»

Психолог: Р.Ходжакулова



Максаты:

- ▶ Педагогтар арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құртетеу, өзін еркін сезінуге көмектесу



Барысы:

- ▶ 1.Сәлемдесу.
- ▶ 2.“Қай жолды тандайсыз?” психологиялық жаттығу.
- ▶ 3.“Поезд” психологиялық жаттығу.
- ▶ 4.”Мюнстерберг” психологиялық әдістеме.
- ▶ 5.“Қиял” бейне баянын көрсету.
- ▶ 6.“Сикырлы қолдар” психологиялық жаттығу
- ▶ 7. Қорытынды




“Сәлемдесу”

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУ

- ▶ Қазір топтың әр мүшесі кезекпен ортаға шығып, топқа қарап
- ▶ бір-бірін қайталамай топпен кез-келген тәсілмен сәлемдеседі. Ал біз әрбір сәлемдесуді қайталаймыз.
- ▶ Жаттығудан кейін талқылау. Сәлемдесудің қайсысы сіздің есіңізде қалды және неліктен?



“Қай жолды тандайсыз?”



1




2



3



4



5



6

№1 есікті таңдаған болсаңыз

Еркіндік жолын таңдадыңыз. Сіз үшін бос кеңестік пен тәуелсіз болудың маңызы зор. Әрбір қадамыңыз үшін жауап бере аласыз. Шешім қабылдамас бұрын жақсылап ойланасыз. Алдыңызға қойған мақсатыңызға жетпей тынбайсыз. Өміріңіздің әрбір секундына қуанып, уақытты дұрыс жұмсай білесіз.

№2 есікті таңдаған болсаңыз

Сіздің жолыңыз – артық адамдарға орын болмайтын шағын ғана әлем. Жалғыз қалғанды жаныңыз сүйеді. Әлемді жалғыз шарлап, түрлі шараға баруды ұнатасыз. Әңгімелесуші мен қамқоршыға зәру емессіз. Достарыңызды қатты жақсы көретініңіз рас. Алайда жалғыз қалуды су тамшысындай ұнатасыз.

№3 есікті таңдаған болсаңыз

Сізді алда талай қызықты күндер күтіп тұр. Өміріңізді сұлулық, тосын сый, қызықты оқиға дегендерсіз елестете алмайсыз. Жалғыздықты мүлдем дерлік ұнатпайсыз. «Қанша өмір сүрсен де, үйренуден жалықпа!» қағидасына сай өмір сүресіз. Айналаңызға үнемі қызығушылық танытып, сұрақ қойып жүресіз.

№4 есікті таңдаған болсаңыз

Таңдаған жолыңызға қарап, сізді таңғажайып оқиғалар күтіп тұрғандығын айта аламыз. Әр кез болашағыңыз туралы ойлап, жаңа нәрселердің дәмін татуды ұнатасыз. Ұшқалақ мінезіңіздің арқасында қауіпсіздік мәселесін ұмытып кетесіз. Үнемі ережелерді бұзып жүрсеңіз де, айналаңыздағылар сіздің болмысыңызға, батылдыңызға қайран қалады. Сіз туралы «Уақытын босқа шығындап жатыр» деп айтатын тірі жан табылмайды.

№5 есікті таңдаған болсаңыз

Сіздің есігіңіз барлығы үшін ашық. Шынайы сұлулық пен жүрек тыныштығы өте маңызды. Мақсат пен оған жету жолына да қызығасыз. Ағыспен жүзіп, қандай жағдай болса да, тұрақтылықты таңдайсыз. Жанжалдың алдын алуды білесіз.

№6 есікті таңдаған болсаңыз

із сабыр мен бейбітшілікті таңдадыңыз. Жалғыздық, тыныштық, қырағылық – өмір атты ұзақ жолда адал серіктеріңіз. «Ескі дос жаңа таныстан артық» деген қағиданы ұстанасыз. Шындықтың беті ашылмайынша тынышталмайсыз. Үнемі өмірдің мәнін іздеуден жалықпайсыз. Бастағы білімнің сапалы болғанын қалайсыз. Сізді ойшыл, философ деп айтсақ та болады.

«Поезд» жаттығуы.

- ▶ Ойын музыка арқылы ортада жүргізіледі.
- ▶ Ен алдымен, 1 мен 2-ге саналып аламыз.
- ▶ 1-номердегілер қолдарын 1 рет соғып, аяқтарымен еденді 2 рет тарсылдатады.
- ▶ 2-номердегілер 2 рет қолдарын соғып, 1 рет аяқтарын еденге тарсылдатады



“Мюнстерберг” психологиялық әдістеме.

- ▶ Мәқсәтәы: жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.
- ▶ Уақыты: 2 мин.

Психолог: Көптөген әріптердің арасында тұрған тұтас сөздер бар. Сіздің міндетіңіз, тез оқып отырып, сол сөздердің астын сызуыңыз керек.




- ▶ РАПВРАНАОПАРТАБЮВРГФЛТОУПШЛЫАОТУ
РТЕРЕЗЬПРОНЕВУЦДОАПТАИЛЮШНСАҒА
ТДИАЫРТЛПСЛСАБАКТЫПШЛБХОХОАВБАСЬ
АЛДАҚИМПЕАКВУЫТАҚТАГЕОРНПАОШОҚ
УШЫШПЕАВЫМҒАЛПМРАГЛИОАОПДИРЕК
ТОРБОАВНАОРҚЫЗМЕТКЕРПРЕДАРУРОЦДІ
ШЕОКОКРҚҰҰРВЭЖЭДЦВКНАЦГВНЦНУ
АПӨПТЕРОИТЛУОШШІТІ.....

- ▶ Зерттелуші тапсырманы орындап болғаннан кейін
нәтижесі есептелінеді.




**Шеңберді аяқтап, бейнеге
айналдыру.**



“Сикырлы қолдар” психологиялық жаттығу

Әр қатысушы қағаздың жоғарғы жағына өз атын жазады. Содан кейін “алақандар” шеңбер бойынша жүреді, және басқа қатысушылар әр бір саусаққа алақан иесінің қандай да бір қасиеттерін жазу керек.



Қорытынды

▶ Қандай сезімде болдыңыз?
▶ Ойыңызбен бөліссеңіз.

